



● НАУҚАН

ЖЕРГЕ ЕҢБЕК СІҢСЕ, ӨНІМ ДЕ ӨНЕДІ

АУЫЛДЫҢ БЕРЕКЕСІ – ЖЕРДІҢ БАБЫН ТАУЫП, ОДАН ӨНІМ АЛА БІЛГЕН ЕҢБЕКТЕ. ТАБИҒАТЫ ҚАТАҢ, СУЫ ТАПШЫ МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІНДЕ ЕГІН ЕГУ ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС. ДЕГЕНМЕН, АУДАН ШАРУАЛАРЫ ЖЕРДІҢ МҮМКІНДІГІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП, СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗІП, КӨКӨНІС ПЕН БАҚША ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУГЕ ЖЫЛ САЙЫН ДЕН ҚОЙЫП КЕЛЕДІ.

Биыл да ауданымызда көктемгі егіс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аудан бойынша жалпы 193,5 гектар жерге егін егілді. Егістік алқаптарында қауын, қарбыз, қияр, қызанақ, қырыққабат, баялды секілді көкөніс және бақша дақылдарымен қатар жоңышқа, картоп, жүгері де өсірілуде.

Бұл бір жағынан жергілікті өнім көлемін арттыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тұрғындарды сапалы көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды жұмыс.

Табиғатымыздың климаттық ерекшелігі шаруадан әр істі есеппен жүргізуді талап етеді. Өсіресе егін шаруашылығында су мәселесі маңызды. Сондықтан шаруа қожалықтары егістікті суарудың тиімді тәсілдеріне басымдық беріп отыр.



жоңышқа егіп, мал азығын дайындауға басымдық берген. Бұл мысалдар аудан шаруаларының егіншілікке бір ғана бағытпен емес, әртараптандырылған тәсілмен келіп жатқанын аңғартады.

Ауыл шаруашылығының дамуы ең алдымен осы саланы серік еткен адамдардың еңбегіне байланысты. Жыңғылды ауылындағы «Әли» шаруа қожалығының жұмысы да соның бір мысалы.

Шаруашылық иесі Төлепберген Түлейбайұлы он жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Ал егін шаруашылығын қолға алғанына алты жылдан асқан. Соңғы бір жылдан астам уақытта шаруашылықта жылыжай бағыты да қолға алынған.

Биыл ашық егістік алқабына түрлі көкөніс және бақша дақылдары егілді. Жалпы ашық егістік көлемі 20 гектарды құрайды. Алқапта қауын, қарбыз, қияр, қырыққабат және басқа да дақылдар өсірілуде.

Шаруаның айтуынша, биылғы ауа райының қолайсыздығы егіннің шығуына әсер еткен. Өнімнің пісіп-жетілуі күтілгеннен баяуырақ жүріп жатыр. Бұған қоса, егістік алқабында шегірткенің көбеюі де шаруашылыққа қосымша жұмыс жүктеген. Дегенмен, зиянкестерге қарсы тиісті шаралар қабылданған.

Табиғаттың тосын мінезіне қарамастан, шаруа биылғы өнімі жақсы болатынына үмітті. Ашық егістік алқабынан шамамен 60–70 тонна өнім алу жоспарланып отыр. Жылыжай бағыты да шаруашылықтың алдағы жоспарының бірі. Бір жылдан астам уақыт бұрын қолға алынған бұл бағытта тәжірибе жинақталып келеді. Күзге қарай жылыжайда қайта егін егу жоспарланып отыр.

Т.Түлейбайұлының тәжірибесі ауыл шаруашылығында нәтижеге жетудің бір күндік жұмыс емес екенін көрсетеді. Он жылдық мал шаруашылығы, алты жылдан астам егіншілік тәжірибесі және соңғы жылдары қолға алынған жылыжай шаруашылықтың біртіндеп жаңа бағыттарға бет бұрып келе жатқанын аңғартады.

Аудандағы биылғы көктемгі егіс алқаптарындағы қызу жұмыстар ауыл шаруашылығы саласының мүмкіндігін арттыруға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі. 193,5 гектар жерге егін егіліп, шаруалар су үнемдеу технологияларын қолданып, өнім түрлерін көбейтуге күш салып отыр.

Қуаң даланың өзінде жерге дән сеуіп, одан өнім алу үлкен еңбек пен табандылықты талап етеді. Ал, сол еңбектің нәтижесінде аудан тұрғындарының дастарханына жергілікті өнімнің шығуы жұмыстың ең үлкен жемісі.

Бүгінгі егіс - ертеңгі өнімнің бастауы. Сондықтан, аудан шаруалары үшін басты міндет жердің мүмкіндігін тиімді пайдаланып, суды үнемдеп, сапалы өнім өндіру. Бұл бағыттағы еңбек жалғасып, маңдай термен егілген алқаптар мол өнімге толса, ауылдың да берекесі арта түсері сөзсіз.

М.ЖЕБЕКҒЫ.

● АБАЙ КҮНІ

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАДА ҰЛЫ АҚЫННЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУҒА АРНАЛҒАН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚАЗАҚША «QUIZ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ТАНЫМДЫҚ ШАРАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – АБАЙ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ, ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН ШЫҢДАУ.

АБАЙ МҰРАСЫ – ұрпаққа аманат

Интеллектуалды ойын барысында қатысушылар ұлы ойшылдың өмір жолы, шығармашылығы, қара сөздері мен әдеби мұрасына қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін ортаға салды. Әр кезең сайын қойылған сауалдар ойыншылардың есте сақтау қабілетімен қатар, жылдам ойлауын, тапқырлығы мен зеректігін де сынға салды.

Тартысты өткен ойын барысында қатысушылар Абай шығармашылығына қатысты білімдерін көрсетіп қана қоймай, ақынның рухани мұрасына тереңірек үнілуге мүмкіндік алды. Қызықты сұрақтар мен бәсекеге толы кезеңдер шараның мазмұнын байытып, ойынға ерекше серпін берді.

Интеллектуалды сайыс қорытындысында жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар анықталып, жүлделі I, II және III орындарға ие болды. Үздіктерге арнайы диплом табысталды.

Абай шығармашылығы қазақ руханиятының алтын арқауы. Ақынның білім, ғылым, еңбек, адамгершілік пен елдік туралы тағылымды ойларын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау – ұлттық



құндылықтарды дәріптеудің маңызды бағыты. Осы ретте кітапханада ұйымдастырылған танымдық ойын қатысушылардың білімін сынаумен қатар, Абай мұрасына деген қызығушылығын арттырған мазмұнды шара болды.

Нұрғұл САҚТАҒАН,
Орталық кітапхана меңгерушісі.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Кен-Сары» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 1. 2026 жылға арналған «Жол берілетін шығарындылар нормативтері» Жобасын түзету; 2. «Арыстан кен орнының қабат қысымын ұстап тұру жүйесін кеңейту. II кезең» ҚОҚ бөлімі, 3. «№ 66 ұңғыманы жаңғырту» ҚОҚ бөлімі, 4. «Арыстан кен орнының қабат қысымын ұстап тұру жүйесін кеңейту. I кезең» ҚОҚ бөлімі, 5. «2026 жылға арналған қалдықтарды басқарудың бағдарламасын түзету», 6. 2026 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын түзету, 7. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 44° 45' 10", 44° 45' 28", 44° 45' 23", ШБ 54° 05' 43", 54° 06' 25", 54° 08' 40".

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 17 Қыркүйек сағат 15:00-де, өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, с. Сайотес, мәдениет үйінде өтеді.
<https://us06web.zoom.us/j/83200513524?pwd=BjpD6rKISCgCPxVudvBAJjZbQF8Xbd.1>
Идентификатор конференци: 832 0051 3524
Код достула: 850556

Тұтынушы: «Кен-Сары» ЖШС, Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, ғимарат 39, тел:8(7292)202021. БСН: 010740000600
Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй тел: 87014848005. БСН: 010740010777

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: Adele.mukhtarova28@gmail.com, 87767120270.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Кен-Сары» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: 1. Корректировка Проекта «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2026 год; 2. РООС «Расширение системы поддержания пластового давления месторождения Арыстановское. II этап», 3. РООС «Модернизация скважины №66», 4. РООС «Расширение системы поддержания пластового давления месторождения Арыстановское. I этап», 5. Корректировка Программы управления отходами на 2026г., 6. Корректировка Программы производственного экологического контроля на 2026 г., 7. План мероприятий по охране окружающей среды.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: СШ 44° 45' 10", 44° 45' 28", 44° 45' 23", ВД 54° 05' 43", 54° 06' 25", 54° 08' 40".

Слушания состоятся: 17 сентября 2026 года в 15:00 часов
Место проведения: Мангистауская область, Мангистауский р-н, с. Сайотес, дом культуры
Платформа ZOOM:

<https://us06web.zoom.us/j/83200513524?pwd=BjpD6rKISCgCPxVudvBAJjZbQF8Xbd.1>
Идентификатор конференции: 832 0051 3524
Код доступа: 850556

Заказчик: ТОО «Кен-Сары», г. Ақтау, 17 мкр., зд. 39, тел:8(7292)202021. БИН: 010740000600
Разработчик: ТОО «Construction NS», г. Ақтау, 17 микрорайон, 20 дом, тел: 87014848005. БИН: 010740010777

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:
Adele.mukhtarova28@gmail.com, 87767120270.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№336

МЕНШІК ИЕСІ:  MAŃĞYSTAU MEDIA ЖШС Директор – Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru		 ЖАҢА ӨМІР аудандық қоғамдық-саяси газет Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген. Редактор – А.РАХМЕТОВА Тілшілер – М.ЖЕБЕКҒЫЗЫ, Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.		Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнерлер – Асем РАБАЕВА Эльмира СЕЙДАХМЕТОВА. «ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3. Телефон: +7 777 012 22 38. ■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. ■ Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. ■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. Тапсырыс нөмірі: 172 Таралымы: 344 Индекс: 65612 Газеттің бағасы келісімді		АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ 13 тамыз түнде: +22 күндіз: +34 14 тамыз түнде: +25 күндіз: +37 15 тамыз түнде: +25 күндіз: +36 16 тамыз түнде: +25 күндіз: +31 17 тамыз түнде: +21 күндіз: +28
Мекен-жайымыз: Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы. Тел/факс: 8 (72931) 21860, 21381, e-mail: zhanaomir@mangmedia.kz zhanaomir@bk.ru						